


Қ

тыңар

ітапханасы


Әлдихан Қалдыбаев

Мен - аиамның баласымын



Melville,
N.Y.
All about bats
Kimanxaca covers
Kd porch yes seem.
bullet net
Oval doornet
11. 11. CD
Spalding

est.





тыңар

ітапханасы

Әлдихан ҚАЛДЫБАЕВ

Мен - айамның баласымын

R o m a n



АСТАНА – 2003

ББК 84 Қаз 7-44

К -24

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Қалдыбаев Э.

К -24 Мен – апамның баласымын / Роман. – Астана: Фолиант,
2003. – 296 бет.

ISBN 9965-612-43-9

Балалық шақты ойға алмайтын адам баласы жоқ. Оның қызығы мен шыжығы өз алдына, ерекше есте қалатын сәттері де мол. Бала кезден бауыр басқан адамын кім ұмыта алады. Жазушы-драматург Әлдихан Қалдыбаевтың «Мен – апамның баласымын» атты романы оқушысын сол балалық бал дәурен шаққа көркем тілмен жетелей отырып, перзенттік парызды ұмытпаудың өнегесін мысал етеді.

K — 4702250201
0(05)-02 02

ББК 84 Қаз 7 -44

ISBN 9965-612-43-9

© Қалдыбаев Э., 2003
© Фолиант, 2003



Улкен жазушы болу үшін талант, біліммен қоса бакытсыз бала-лық керек.

Э. Хемингуэй

Kелдің бе, Элдеш. Жылқың қайда екен?

— Тұр төменгі құракта.

— Тұрсын. Көлеңке ұзарғанша шықпайды енді құрактан. Кейінірек, кешке қарай бір барып қофамдал, бетін Сөрелісайға қарай бұрып салып қайтарсың. Атыңды байла да үйге жүр, тамак дайын болды.

— Қазір.

Әпкем тысқа алып шыққан леген толы кірдің суын күлгеге лақ еткізіп тәге салып, тез-тез басып барып үйге кіріп кетті.

Әпкемнің бүтінгі тірлігінің бәрі асығыс: ертең мен окуға журемін, соған менің кір-қоныымды жуып, киім-кешегімнің кем-кетігін түгелдеп, кеткен-сетінеген жерін бастырып, жыртылғанын жамап дамыл таппай жүр.

Мені Шоқпарға, апам айтқандай, қарағайдай қылып жібермек.

Мама ағашқа шылбырды іле беріп көзім шалды, мұрыннан Вова шыға келді, мен бұрын-соңды көрмеген сүр құнан мініп алышты. Өзі Вова болышты да тақымына тиген атты аяп па, басын бір-екі рет жіберіп алса керек, жараву құнан жер-су баспай желігіп, ауыздықпен алыспа келеді.

Вова, сүр құнан құдды бір өзінің бәсіресі құсан, жағасы жайлауда, екі иығынан дем алыш, болыш-толыш отыр.

— Дыр-р-р, жануар!

Вова тізгінді кере тартып, тақымын қысты.

Сүр құнан аспанға шапшып, шашасынан шыр айналды.

— Мынау қайтеді-ей, жамбас торыны жалпасынан түсі-рер ме екен, жок, үстінен аттап кетер ме екен?

Жамбас торыға бәрібір, Вова мактасын, даттасын, қозгалмай тұра береді.

Астындағы атын біреу жамандағанды кім жақсы көрсін, мен шап ете қалдым:

— Көкисің-ей! Батыр екенінді білейін, жақындаш көрші, жамбас торы сазайыңды берсін!

Сөзден тосылып көрген бе, Вова сылдырай жөнелді:

— Қыршаңқы, қотыр пәлеге жолап не болыпты маған?!

Қотыры жүксын, дейсің фой, ә. Тапқан екенсің, жаман қатты, талқан жемес ақымақты. Біліп қой, ондай дымбілмес кешен мен емес.

— Жамбас торының шаңын ала жаздай жұтқаның есін-нен шыққан екен, ә.

— Бұл қашырдан шаң көтерілер жаман қатты.

— Тым тез ұмытқан екенсің, бала. Ештеңе етпейді, қазір-ақ түсіреміз есіңде.

— Жүр, кеттік онда. Көреміз шаңың астында кімнің қалғанын, жок, қорқамысың?

— Кімнен қорқамын?

— Сұр құнаннан қорқасың. Батыр екенінді білейін, мін андағы өгізіңе, шық ана мұрынға!

Вова жер бетіндегі жалғыз бақытты адам дәл өзі болып шіренеді.

Жүзіктің көзінен өткендей сұлу сұр құнан тізгін керіп, шабыс тілейді.

Жамбас торы қаперінде түк жок, мұлгіп тұр. Осы салбырап жүдеп-жадап тұрған кейпімен-ақ бұл жануар алты ай жазға менімен жарыскан бір де бір баланың атының аяғын аттатқан емес. Вова өздерінің күшшек сан, мес қарын, арба сүйреуден басқаға жок қара атын ауызға алушы әлде-қашан ұмытқан. Ал, диірменге келіп-кетіп жататындардың Вованың тақымына тие қалған аттары да жамбас торының екпініне шыдай алмаған. Вова талай рет кәдімгі бір сыбағасын біреу жеп қойғандай қамыққан.

Сөйткен Вова, міне, енді сүліктей сұр құнанды тыптықтастырып құтырынағы. Тілі қандай удай ашы!

— Эй, қу-ай! Әбиіріңің айрандай тәгілетінін білесің, ә. Айранды айтам, шалап болып шашылады.

Өз сөзіне өзі мәз Вова күлкінің тиегін ағытты. Күлкісін қарқылдаш-табалада бастап еді, қиқылдаш-шиқылдаш-келемеждең кетті. Қандай усойқы күлкі!

— Вова, сен не жындандың ба?! Көреміз қазір кімнің озып, кімнің қалғанын.

Вова қуанып кетті.

— Е, бәсе, сөйдемейсің бе бағанадан бері. Міне, жігіт! Эйда, кеттік.

— Кетсек, кеттік.

Шылбырды шешіп, тізгінен ұстап, үзенгіге аяқ салдым.

Ешкімге көрінбей-ақ кетейін деп едім, үйден әпкем тағы шықты. Қолында — тағы леген толы кірдің суы.

Әпкем атқа мініп алған мені, екі езуі екі құлағында мәз Вованы көрді де кілт тоқтады. Элбette, біздің неменеге бекініп тұрғанымызды білді.

— Караптарым-ау, қайда барасындар?

Мұнысы маған: “Жарысайын деп тұрсындар ғой, қойындар!” — дегені.

Вованың да іші қылп ете қалды.

— Қайда барайық, жай, әшейін...

Әпкем қайдан сенсін. Басқа-басқа, ал, әпкеме біздің жарысқалы тұрғанымыз өбден жақсы мәлім.

— Эй, қайдам, астарыңа ат тисе, жатып жарысатындарың бар еді, сөйтейін деп тұрсындар ғой тағы да. Бүгін қойындаршы соларыңды, бай болғырлар. Тіл алындар. Ала жаздай жарысқандарың аз болған жоқ, жетер. Енді ертең окуға жүрептін деп отырғанда бірдеңеге ұрынып қалып жүрерсіндер түге. Одан да үйге жүріндер, тамақ ішіндер.

— Қазір, әпке.

— Қоймадың, ә, балам. Абайландар, әйтеуір!

Әпкемнің тілін алмағаным өбден ақымақтық болды. Енді “әттеген-ай!” деп бармақ шайнағаннан басқа амал қайсы?!

Ана жүрегі бір пәленің боларын күнілгері сезді ме екен, біз көзден таса болысымен, әпкем өз-өзінен елегізіп, үйге кірген-шыққан сайын төменгі мұрын жакқа жалтақ-жалтақ, қарай беріпті.

Менің әпкем — керемет адам. Біз, балалары, көретін жақсылықты да, жамандықты да күнілгері сезіп отырады.

* * *

Күрметті оқушым!

Осы жерде жаңа басталып келे жатқан әңгіме желісін сәл үзіп, бір адамды біресе “ана”, біресе “әпке” деуімнің мәнісін айтып қоймасам, болмас.

Мен шешемді “әпке”, әкемді “жездे” деймін.

Оның мәнісі — мені нағашы апам мен жарық дүниеге келмей тұрып өзіне меншіктепті.

Менің шешем — Эміржан — апамның үлкен қызы. Мен шешемнің інісі Элдіжан ағам ержетіп, сіңлісі — Бұбісара әпкем бойжеткен кезде туыппын. Ағамды әскерге қызмет етуге шақырган, әпкемді болашақ жездемнің әкесі Әжіке атам айттырып келген жылы, яғни 1939 жылдың наурыз айында туғанмын мен. Баласы мен қызының алысқа аттанып кетіп, жалғыз қалатының білген апам: “Әміржан аман-есен босанса, ұл болсын, қыз болсын, өз пешенемнен, асырап аламын”, — дейді еken. Үлкеннің айтқанына кім қарсы келсін, апамның үйгарғаны болыпты. Маған апама алданыш болсын деп, Алданыш деген есім беріліпті. Сөйтіп, мен емшектен шығысымен қоржын тамның шығыс жақ басындағы өз жұртыйнан батыс жақ басындағы нағашы жұртыйма қоныс аударып, “Айшаның баласы” атаныппын. Ізінше Элдіжан ағам әскерге шақырылып, Бұбісара әпкем тұрмысқа шығып кетіпті.

Содан бері мен — апамның бар арманын артқан баласымын. Біз, есебі екі тұтін болғанымен, бір үйміз. Апам біздің бәрімізді де — ағам Шәкенді де, қарындастарым Ізбала мен Бағдагулді де, інім Бекежанды да жақсы көреді. Сөите тұра апам мені туған баласы санап, ерекшелеп, белектеп отырады. Мен сөйтіп кішкентайымнан апама тән болып, тілім әкемді “жезде”, шешемді “әпке” деп шыққан. Енді түсінікті шығар, солай, мен- апамның баласымын.

* * *

Жә, негізгі әңгімеге көшейін.

Біз мұрынды айнала беріп, ауылдың қарасы көзден таса болар-боластан аттың басын қоя бердік.

Сүр күнан шүү дегеннен суырылып алға шығып, ұзай берді. Вова қара үзіп кеткісі келмей тізгінді шірене тартып келеді, бірақ адымы кең, басы қатты сүр күнан өрши түседі.

Жамбас торының сырғы өзіме жақсы мәлім, бірден бауырын жазып көсіліп кете алмайды. Мына сүр күнан сияқты желік, едірең міnez бір кезде мұнда да болған шығар.

Бұл құнан болғалы қашан, атам заман. Жылқы болып қылт етпе, сылт етпесі жоқ шабан торы еш құлықсыз, төрт аярын жамырата тастан шоқып келеді. Өстіп біраз төпеп отырып барып, мен басын тартпай, қайта тебіне түскен соң, еті қыза келе титтей де бір бәсексімей, қайта үдейтін ұзак жайлы шабысқа басады бұл. Асық, асықпа, торы атқа бәрібір. Ол өз шаруасын жақсы біледі, жарысқан атқа алдымен жетуі, содан соң озын керек.

Осы шабысынан танбай тарта бер, торым!

Сұр құнанды тыз етпе шығар, екпіні көпке бармас деп едім, жоқ, олай емес, түбі жүйрік болатын желтабанның өзі екен, жуық арада шендетер болмады. Ауылдың аяқ жағындағы ұзын сазды, Атабайдың тамының алдындағы кең қарынды көктеп өтіп, Екіашаға іліккенде барып зорға сыр берді-ау сұр құнан. Эбиіrbай сайның аузындағы асты қара батпақ жайпақ судан сурініп-қабынып аман-есен өтіп, шабысты қайта түзегенде тебініп едім, торы ат үдең берді. Сиыр қораның тұсына жеткенде жамбас торы жасамыстырын жасап, сұр құнанға құрық тастан тақады. Сұр құнаның алғашқы алакаш екпіні басылыпты. Бірақ бұл әбден өкпе тесті мінгі көріп, қолтығы сөгілген әккі құнан болып шықты, қасарысып, өліспей беріспес бірқалыпты салпаққа салды. Бір-екі рет торыға қамшы басып, жанаспақ болып едім, қайран менің кәрі қақсалымда киіп-жарып өте шығарлық екпін болмады.

Осылай біраз жер құйысқан тістесіп сілтескен соң барып сақа торы сұр құнанға анық жетті-ау. Бұл кезде біз Әмірбектің қыстауының алдындағы сазға іліккенбіз. Арба ауғаны, жоқ, былай түсіп қалғаны белгісіз, әйтеуір жол табанында алты қанат үйдің орнында жерді алып аппақ ұнтақ болып кеткен шөп жатыр екен, соған торы аттың аяғы тайып, тапырактап қалды.

Қайтсін-ай, жануар! Торы аттың төрт тұяғы бедер жоқ, беріш болып қалған бірдеңе. Тастан жерде бетімен басқандай етбеттең, қуаң шөпті жерде тұяғы сыр-сыр тая беретін болған соң кейінгі кезде жездем мұны жүтегін сипырып алып, жылқыға жіберген. Шуға жүрерінде жуас деп маған үстап берген.

— Ердің құны болса да Шудан таға тауып келемін. Сөйтіп мұның төрт аяғын түгел тас қылып тағалап тастай-

мын. Мініске бұдан мықты жылқы жок. Мына бойымен мұны қарыс жерге міну — обал, тіптен қауіпті. Амал қанша, саған лайықты бұдан басқа сыралғы жылқы жок, шаппай, аяңдап жүрсөң болды, жетеді. Балалармен жарысушы болма, жазым қылады, — деген жездем жамбас торыны ерттеп жатып.

Күндегі тірлігім жездем айтып тапсыргандай еді, Вованың мазағына қалғым келмей, сақтықты ұмытыпсын.

Торының тұяғы — қайрақ, тағы тайғанайды. Тізгінді тартқым келіп бір оқталдым, онда Воваға құлкі болғаным. Жок, Вовадан озбай тоқтаман!

Торы шабысын қайта түзегенше сұр құнан арқан бойы ұзап қалған, тебініп едім, адымын аштырмай күшп жетті. Еті қызған екен, торы ат жеңілдеп кетіпті, екпіндеп келіп Вовамен үзенгі қағыстыра бердім. Сол сәт жол үстінде әжептәуір жерді алып жатқан жып-жылтыр тықыр ажырыққа көзім түсті. Торы ат таяды-ау! Мұндай жерден тайғанақтай-тайғанактай өбден зәрезап болған есті жануар да ажырықты байқаған екен, екпінін бәсендете берді. Сұр құнан түкті де елең қылған жок, ажырықтың үстінен төрт аяғын дік-дік тастаған күйі өте шықты.

Жамбас торының алдыңғы екі аяғы ажырыққа іліге бере сыр етіп тайды. Ат сүріне бергенде-ақ дүлей бір үрей жүрегімді бүре түскен, сол күйі ес жиғызбай, әуе шыр айналғандай, жер дөңгелегендей бір елестер зу-зу етті. Домалап бара жаттым. Есімнен тандым ба, жок па, білмеймін, тікемнен отырып қалыпсын. Тұрайын десем, жүрегім дауаламайды. Қандай да бір қауіппен сол аяғыма қарапсын, бұралып, сүйретіліп жатыр.

Мен домалап әжептеуір жер озып кетіппін, торы ат арандай жerde мәңгіріп тұр. Оның да бір жері үзіліп кеткен шығар деп едім, жок, аман екен, басын шайқап-шайқап алды да Вованың соңынан шауып кете барды. Енді ол сұр құнаннан озбай тоқтамайды.

Жамбас торы — тұлпар. Еті қызып көсіле шапқан тұлпар тұмсығы тасқа тимей тоқтамайды деседі. Торы ат та сөйтеді, еті қызды, тоқтай алмайды. Толыбай сыншының баласы құсап тауып аламын мен сенің басынды, тұлпар торы. Дәу жартас түбінде жатқан қу басынды құшактап жылаймын еңіреп.

Жүйкем босап, жылап жібердім.

Мөлт ете қалған көз жасымды қолымның сыртымен сұртіп, мұрнымды бір тартып, сол аяғыма қарадым. Ортан жілік шорт сынып, қақ бөлінген. Қап-қап!

Мен торы атты емес, аяғымды аяп жылап отырмын.

Бір ғажабы еш жерім ауырмайды. Тіптен сынған аяғымның өзі сыр бермейді, тек жинауга келмей сұлқ жатыр. Тіземнен қос қолдап ұстап, аяғымды бері тартып жинап алдым.

Вова өң жоқ-тұс жоқ, аттан домалап түсіп жатты.

— Алданыш, не болды? Не болды, а, не болды?

Вованың аузына осыдан басқа сөз түсер емес.

— Не болсын, аяғым сынып қалды.

— Қой, қойшы, ағатай! Сынған жоқ шығар.

— Сынды.

— Рас па?

— Рас. Сындырып тындың.

— Өй, қой! Өзің ғой аттан жығылған.

— Сенімен жарыспағанда жығылмайтын едім. Намысъыма тиіп жарыстырдың да құртып тындың.

— Сен өйтіп пәлеқор болма! Сені құртқан мен емес, жамбас торы.

— Не десең, о де, кінәлі сенсің.

— Мен қайттім онда? Әкем өлтіреді мені. Мен қазір мына сұр құнанды иесіне бере саламын да Шокпарға тартып отырамын. Сөйтемін де әкемнің ашуы басылғанда бірақ келемін.

— Жоқ, сен өйтпейсің. Алдымен, біздің үйге барып, болған жайды айтасың, содан соң, Тескентау асып кет, мейлің.

— Қалай айтамын? Қайтіп көрінемін мен апаларыңың көзіне?

— Ештеңе жоқ барасың, көрінесің, айтасың. Алданыш аттан жығылып, аяғы сынып қалды, дейсің.

— Қайттім енді, ә? Бұдан да менің аяғымның сынғаны жақсы еді ғой, саған бүйрық беріп шіреніп отыратын. О, күдай, Иисус-Христос, неге Алданыштың емес, менің аяғымды сындырмадың?!?

— Қой, әрі! Аяғың сынса, көрер ем қалай қақсағаныңды.

— Мейлі, тәуекел, айтамын қазір барып апаларыңа.

Мейлі, екеуі ұрсын мені. Мені өз әкем де, сенің әкең де, апаларың да ұрсын, өлтірсін! Маған — сауап.

— Қой, сен, Вова! Сен түк те кінәлі емессің. Жер тай-ғақ, жамбас торының тұяғы — қайрак. Пәле сонда.

— Құрысын бәрі. Мен кеттім, Алданыш.

Вова демде жүдеп қалыпты: мойны салбырап, ермен ер болып жабысып, екі иығы құнысып, бір уыс болып бара жатыр.

Сүр құнаннның желігі өлі басыла қойматы: басын аспандатып, қақшандап барады. Адам қайғысына мал ортақтаса алмайды. Вова бұған күйіп кетті білем, қамшымен сүр құнаннның басынан тартып жіберді. Сүр құнан мұндай қорлықты көрмеген мал екен, шашып кетіп, ала жөнелді.

Вова ауып түсіп қала жаздады.

Мен күліп жібердім.

* * *

Вова ұзай бере осы бір кішкентай сергуім сейіліп, зіл қаратас ойлар еңсемді езе берді.

Бар маңайда тылсым тыныштық орнады. Сонау биік басаттан құлаған көлеңке бергі бектердің сай-саласын біртіндең көмкеріп жылжып, маған жақындал келеді. Көлеңке басын ұзартқан сайын шыбын-шіркей қара құрым құсан қаптап ұшып, көзге кірермен болып анталайды. Бармақ басындаған бір көк шыбын әңілденеп ұшып, жасқап құғаныма қарамай, қайта-қайта аяғымның дәл сынған жеріне қонады. Мына оңбаған бірденені сезіп жүр ме, немене? Қорқып кеттім. Қан шығып қалды ма деп қара саныма үнілдім, ақырын-акырын ұстап көрдім, ондай ешнәрсе байқалмайды. Үрей-күдік жарысып, жүрегімді әлейім-жәлейім етеді.

Өзім өстіп пұшайман болып отырып апаларымды аяп езіліп, егіліп кетемін.

Вова ендігі барып айтты. Апам мен әпкем жаңа ғана біз аттарды ағызып шауып өткен жолмен екі өкпесін қолына ұстап ұшып келе жатқан шығар. Айналайындар-ай, азапқа салдым-ау мен сендерді! Өкпелерің өшіп, дымдарың құрыды-ау!

Отырған жерімнен атып тұрғым келді, оған зіл батпан болып жатқан аяқ, қайдан жіберсін. Апамдар келгенше

түрегеп кетсем, шіркін! Олар сиыр қораның желкесіндегі кезеңнен көріне бергенде тұк болмағандай арсаландаپ алдарынан жүгіріп шықсам. Бірақ ондай атты күн қайда-а?!

Ойлағанымдай-ақ апамдар көп күттірген жоқ: мен көз алмай отырған кезеңнен қаралары көрініп еді, демнің арасында ентелей басып келіп қалды. Олар жақындаған сайын өксікті өкініш өзегімді өртеп, өңмендеп, алқымымнан алып буындырып, демімді тарылтты. Амал жоқ, тістеніп шыдау керек. Менің мына мүшкіл халіме енді көз жасым қосылса, апам мен әпкем мұлде шерменде болып өксіп өкірер.

Апам бәрібір шыдай алмады:

— Қарағым-ау, не болды? Қайттік енді, күнім-ау?! — деп дауыс шығарды.

Екеуінде де өң-тұс жоқ, бет-ауыздары пора-пора тер.

— Кой, жаман ырымды бастағаны несі?! Жәндеп көрейік те әуелі. Жәй еті кеткен шығар, — деп әпкем байсалдылық танытпақ болды. Даусы дірілдеп шығып, жүрегімді шымырлатты. Эр сөзінде зіл батпан қайғы, емешейі езілермен мейірім тұнып тұрды.

Байқап қалдым, әпкемнің де екі көзі білеуленіп қызырып кетіпті. Екеуі де Вовадан менің аяғымның сынғанын естіген сәттен бастап көз жастарына ерік берген. Содан жол-жөнекей бір жылап, бір жұбанып отырған.

Әпкем өзін-өзі қаншама токтатып, көз жасын көрсетпейін-ақ дегенімен, ол құрғыры демнің арасында мөлт етіп кірпігіне қонақтай қалды. Әпкем теріс бұрыла беріп көзін асығыс сұртіп, маған қайта қараған сәтте бір тал кірпігі бетінің ұшында жабысып тұрды. Соған көзім түсіп кетіп, самай шашымды біреу талдаپ тартқандай құйқам шымырлады. Эй, осы қорлықты көргенше өле қалғаным артық еді-ау! Бұлар қайтпек онда? Өздерін-өздері күлпарша етер! Аяғым сынса, сынсын, өлмейін, аналарым аман болсын.

Екеуі сүріне-қабына келіп екі жағыма отыра кетті.

— Қане, қай жерің? Құдайым-ау, не жаздық? Бүйтетін не жөнің бар еді?

— Алла-ай, еті кетсе екен, өзіңнен бір жәрдем бола көр!

— Еті кеткен жоқ, сыннып қалды, апа. Аяғым бұралып, созылып жатыр екен, жинап алдым.

Апам шошып кетті:

— Ой, тоба, не дейді мына бала, Әміржан-ау?! Күнім-

ау, күнім, енді қайттік? — Апам жер тоқпақтаң аспанға қарады. — Қу құдай, шұнақ, құдай, мұның неткенің? Не жазды саған бұл қаршадай бала?!

— Қой, баланы шошытпай! Байғұс балам-ай, жаңа тіл алғып қоя қойсаң ғой, бұл пәленің бірі де жоқ. Енді қайттік? Балаларда да үрей қалмады, үрпіп қалды бәрі. Сені үйге жеткізіп те ала алмаймыз ғой бүтін енді айта берсең.

Шарасыздық, үшеуміздің де шарадай басымызды шапшақтай етті. Иесіз үнірейген қора, қойнынан көлеңке өріп тұнерген тәбелер, ит тұмсығы өтпейтін қалың қамыс-бәр-бәрі біздің мына мүшкіл халімізге аяныш білдіріп тына қалған. Кербұлак, өзенінің бұл тұстан сан өтіп жүріп естіп көрмеген сылдыры келіп тұрды құлакқа.

Апам мен әкпем сынған аяғымды абайлаң ұстап көрген болды. Қолдары қайдан батсын, ештеңенің анық-қанығына жете алмады. Көңілдері аяғымды сындыға қимайды, үміт жібін үзе алмайды. Құдай біледі, екеуі аяғымның сыныры білініп тұрса да сенбес. Ана баласын қия алмайды жамандыққа!

— Ал, мен кетейін енді. Балалар не болып жатыр екен үйде? Соларды бір байқап, кешкі тамақтарын беріп, сендерге де бірдене әкеліп бермесем, болмас. Апа, сен мына қорадан көң-қи әкеліп, қурай жинап қой. Тұні тұскір сұтып қалды ғой, от жағып қойып отырындар, — деп әпкем орнынан тұрды.

— Дұрыс, қайтқын. Келетін болсаң, Лашынды ертіп ал, — деді апам.

Әпкем жалғыз өзі ауылды бетке алды.

* * *

Бұл кезде күн әлдеқашан басаттан асып, арғы Жайсаң жотасы болмаса, бергі бектерге, өзен бойына қараңғылық үйіріле бастаған. Ауылға дейінгі аралық — дәл қазіргідей зауал шақта әйел тұрмақ, ер адам жалғыз жаяу жүруге жүрексінетін жер. Сол жақта аңқиған аузы тура жолға келіп тірелетін ұрымтал жыралар бірінен соң бірі алмасып отырады, ал, он жақта өзен жағасына өскен құрак, қамыс, шок-шоқ қурай ілесіп қалмайды. Екі жерде өзен иірімімен етегі жол шетіне келіп тірелетін ну қамыс бар. Оның арасында не жоқ дейсіз.

Әкпем мұның бәрінен тайсақтаған жоқ, ауыл қайдасың деп ұшып барады.

Апамдардың жан қалтасынан сіріңке үзілген бе, көрадан барып дайын көннен бір етегін әкеліп от жақты. Сейтті де:

— Көннің қызы болғанымен, жалыны, жарығы жоқ, Біраз жалпылдақ отын жинайын, — деп жан-жағына қарады.

Тәңіректің бәрі тұнып тұрган отын: қызыл мия, ала бота, қара сора, шенгел, торсылдақ қурай.

Отын теруге менің апамнан шебер адам жоқ шығар, сірә, бұл дүниеде. Мен ес білгелі апамның тезек тергенін де, актаспа, тобылғы шапқанын да, қурай жинағанын да аз көрген жоқсын. Бұл тау елінің қысы-жазы жағатын отыны жерде. Жекеменшікте болатын бес-алты бас уақ жанның көнді мен жалғыз сиырдың жапасы алысқа апармайды. Ал, сексеуіл, көмір дегеніңіз атымен жоқ, тау елінің тұрмысына енбеген. Содан да апамдар күзге қарай отынды құлатып шауып, тау-тау қылып жинап қояды. Жыл он екі ай күнделікті жағатын отын апам мен әпкемнің мойнында. Жыл мезгіліне қарай жағылар отын да өзгеріп отырады: жазда — шөп-шалам, күзде — қурай, қыста — көң, тезек, көктемде — кәшек.

Апам демнің арасында алысқа ұзамай-ақ айналамыздан құшак-құшак қурай жинап үйіп тастады. Мен таңданып қарап отырмын.

Жалыны мені қабады деп апам жалпылдақ отынды аулағырақ жақты.

Біз өң от ортасында отырмыз. Бірақ осыншама отқа, менің сыртым да, ішім де жылыр емес. Өн бойымды өкініш қысып дірдектетіп өтеді.

— Элдеш, не, жаурап отырсың ба?

— Жоқ,

— Қорқып қалғансың гой, күнім!

Мен үнде медім. Мейлі аяғым, тіpten башпайым ауырмасын, менен гөрі ол апамдарға қатты батады. Аяғымнан көрген азабымды мен оларға айта алмаймын.

* * *

Апам мен әпкемді менің азапқа салып отырғаным жалғыз бұл емес. Былтыр да естерін шығарғанмын. Шәкен

екеуміз Қарабеттің ауыл жақ бетінде тас домалатып жарыстырып ойнап жүргенбіз.

Бір кезде Шәкен домалатқан тас тым алысқа кетті, домалағаннан домалап отырып барып өзенге бір-ақ күмп етті.

Мен қанша тас домалатсам да бірде-біреуі өзеннің өзі тұрмақ маңайына да жолай алмады. Ызам келіп, жан-жақтан жақсы домалайтын тас іздей бастадым. Үлкендігі үйдей қой тастың дәл ернеуінде жатқан бір өдемі домалак тасқа көзім түсті. Дереу қой тастың үстіне шығып, отыра қалып, аяғымды созып ернеудегі тасты итеріп едім, қозғалмады. Қу намыс сақтықты ұмыттырыпты, бар есіл-дертім мына дәп-дәңгелек тасты домалатып, Шәкендікінен оздыру болыпты. Еңкейіп тасты екі қолыммен мықтап үстап, қатты итеріп кеп қалдым. Аяғыммен итергенде жылжымай қойған тас лып етіп домалап кетті, екпінімді тоқтата алмай мен де үштім тас басынан. Үлдіға тәмен тас та, мен де домалай жөнелдік. Неге екенін, мен тастың алдына шығып кеттім. Тас куып жетіп соғып, бір жерімді майып қылады-ау дегенимше болған жоқ, мен бір түп ақтаспаға ілініп қалдым, тас тимей, дәл құлак-шекемнің түбінен зу деп өте шықты. Бетімді қан жауып кетті. Қимылдауға қорқып тып-тыныш жатырмын. Қимылдасам, ылдіға қарай домалап кете баруым мүмкін.

Шәкен қалбалактап келіп бас салды.

— Алданыш, тоқта-тоқта, қымылдама!

Шәкен мені ақтаспадан ажыратып, тас қып құшақтап алды.

Менің аңыраған даусым шықты.

Шәкен еңіреп жылап жіберді.

— Алданыш, жылама! Жыламашы, апамдар келе жатыр!

Осы сәт көзімді жапқан қан арасынан етекте ұшып келе жатқан апам мен өпкемді көрдім.

Екеуі Шәкен екеуміз тұрған қияға сүрініп-қабынып зорға жетті.

Кызыл-жоса қан болып тұрған мені көргенде екеуінің естері шығып кетті.

— Ойбай-ау, бұл не сұмдық?! Сүйегің аман ба? Бір жерің кеткен жоқ па?

— Апыр-ай, құдай сақтаған екен!

— Апа, мен домалағанда тастан озып кеттім! Тастан адам жылдам домалайды екен.

— Қойшы, құрысын!

— Ия, сөйтті. Артында домалап бара жатқан тас бір тасқа тиіп секіріп, Алданыштың басына тиер-тимес болып өтті. Тигенде... Құрысын...

— Тіпә-тіпә! Жеті күлше құдайы!

— Айналайын құдайым-ау, не жазығымыз бар еді?

— Бұл бала — бетіне қараған бес тасым менің. Пәленің бетін аулақ қыла көр, ақ құдай!

Әпкем мен апам өстіп зар қақты.

Сол сәт мен өзімнің мүшкіл халімді ұмытып, екеуін қатты аяп кеттім. Мен үшін бұлар өлімге дайын!

Мұндай пәлеге ендігөрі ұрынбаспын деп едім сонда, міне, енді мынау болды.

Жазым, әрине. Дегенмен, шығасысына — иесі басшы. Маған екі жағдайда да шамшылдырым зиянын тигізді. Бірінде Шәкеннің тасы, екіншісінде Вованың аты озғанына төзгім келмеді. Жок, бұл болмайды екен. Асылы, аспаған-таспаған жән шығар.

Апам мен әпкеме қайғы жүтқыза бергенім жетер. Тегі, үлкеннің тілін алу керек.

* * *

Тұннің бір уағында дәл жанымыздан Лашынның ырылдағаны естілді.

— Тәйт әрі, қара басқан ба? — деп зекіді әпкем.

— Әміржан келді ғой, — деді апам.

— Қалайсындар, тоңған жоқсындар ма?

— Жок, Өзің ше, қорыққан жоқсың ба? Қасындағы кім?

— Қайдан қорыққан Лашын барда. Сонда да абай болын деп, Базарқұлді ертіп алдым.

Базарқұлдің есімін естісімен жүрегім бір аунап түскендей болды. Қыз алдында шоңқыып отыру қандай бақытсыздық, еді десенші!

Базарқұл — ерекше қыз!

Әттең!..

Әпкем бір көмбеш нан, бір кесе кілегей, бір шәугім шай, бір көрпе алып келіпті.

Лашын бізді танымай, айбат қылып ырылдағанына ыңғайсызданды білем, арсаландап еркелеп, менің сұлқ жатқан аяғымды басарман болып өңмендеп жақындей берген, апам:

— Мынау қайтеді-ей, баланың аяғын ауыртар ма екен?
Бар, жоғал! — деп үрсып тастады.

Қарауыз өзіне қайта-қайта даудыс көтергенге ренжіп, дүрдиіп тұрып қалды.

Әй, Лашын-ай, түсінбейсің фой, түсінсең, менің аяғымның сынып қалғанын білсең, біреу оны басып ауыртпақ болып жатса, сен де ашуланар едің. Білемін, сен өуелі мені ренжітпек болған адамды аямайсың, қауып аласың. Сен енді сіркесі су көтере алмай тұрган адамдарға ренжімегін. Менің аяғым жазылмай, шыбын жандарын қоярға жер таппайды бұл екі мұңлық, енді. Азапқа салдым мен біздің үйдің ішінің бәрін.

Апам шәугімді шокқа қойып, әпкем орамал жайып, нан турай бастады.

Екеуі осындаған тірлікпен алаң болып жатқанда Базарқұл оң құлағыма:

— Аяғың ауыра ма, Алданыш? — деп сыйырлады.
— Ия, сынып қалды.
— Қап, оқудан қалатын болдың-ау!
— Қайдам, жазылатын шығар.
— Жазылады, әрине. Жазылған соң келесің окуға. Сен қашан келсең де үлгересің.
— Кім біледі?
— Мен білемін. Сен біздің кластағы ең жақсы оку...
окушы... баласың!

— Базарқұл, рас айтасың ба?
— Рас айтам.
— Ал, сен- дүниедегі ең жақсы қызысың!
— Алданыш!..
— Базарқұл!..

Біз енді не айтарымызды білмей қалдық.

Құдай жарылқап сөзге апам араласты:

— Алданыштың аяғы, құдай қаласа, бас-аяғы бір айдың ар жақ-бер жағында жазылады. Сынық жыл санайды. Әлдеш (біздің үйдің адамдары, мені осылай атайды. Шіркін, біздің қазақ жанама ат коюға қандай шебер! Қарандаршы Шәкен-

нің шын аты Шаһарбек, Ізбаланы Здән, Бағдагұлді Бағдаш, Бекежанды Бекен дейміз бәріміз) он төртте. Сынған сүйегі он төрт күнде ілігеді. Ар жағында, немене, бала тұрып кетеді. Жарайды, бұл өңгімені қоя тұрайық, шай ішейік.

Әпкем шай жасап жіберіпті.

— Ал, екеулерің шай ішіндер, біз қайтайық, — деп орнынан тұрды.

— Қайтындар.

— Тоңып қалмаңдар, отты аямай жағындар.

— Жағамыз. Алаң болма, бара бер.

— Базаркул, жүр. Лашын, кә!

— Алданыш, тез кел, ертең кел, — деді Базаркул.

— Қайтіп келем, аяғым сынық,

— Келесің, әкеледі.

— Ия, сөйтеді, барамын.

* * *

Әпкемдер кеткен соң қоңылтақсып қорқа бастадым.

Бұл маң — шүйкедей кемпір мен шонқиып отырып қалған бала тұрмак, ер адам қорқарлық жер. Дәл іргемізде ішіне қарандылық тұнған қой қора, есік-терезесі жок, орны үнірейген Өмірбек қойшының үйі тұр. Аяқ жағымыз — қалың қорыс. Одан әрідегі арсиган-арсиган адыр басындағы басаттар етегіндегі бәктерді баса-көктеп төне түседі. Желке тұсымыз — күнгей бет — тас атаулысы түгел қапқара болып күйіп кеткен ұзын-ұзын жыра. Биік төбелердің басындағы обалар, ұлкен-ұлкен тастар құбыжық болып сұлбеленеді, үрей, ызғырық шашып құйқаны шымырлатады.

Апам отты өшірмей, маздатып жағып отыр.

Саршатамыз аяқталып, тұн сұыта бастаған кез емес пе, от жаққан жағымыз жылып, тыс жағымыз тоңазып отырмыз. Апам әпкем әкелген шапанды маған жауып, етегін қымтап қойды, өзін ұмытқан.

Бір қауым уақыт өткен соң апам:

— Ұйықта, балам. Көзің кішкене ілінсе, жақсы болады, таң да атып қалады, — деп менің оң тіземе басын қойып қисайды.

Көз ілу қайда-а-а!

Сонау жоғарғы Шатыртөбе үстінен қып-қызыл жалқық жайпақ табақ көтеріле берді. Сөйтті де жалқық сөніп, ай

бейнеленіп, сүттей болып ағарып шыға келді. Ай бетінен төгілген ақ сәуле тұн тұнегін тіліп, төңірек қылаң тартты.

Аспанда шүпірлеген майда моншақ — жұлдыз таққан алып белбеу — Құсжолы созылып жатыр. Мың сан жұлдыз жымың қағады.

Дәл осы тұнгідей сәулелі ай, жарық жұлдыз бұдан бұрын да болмаған шыгар бұл дүниеде, кейін де болмас.

Дүние қандай ғажап едің!

Кимас сезім қылаң бергені несі?

Е-е, пәле аяқта екен ғой. Аяқ жазылса, жаксы, жазылмаса, мына тәтті тұн, әдемі әлем ғайып болады. Жок, олар емес, мен ғайып боламын. Бұл дүниеге адамдар келеді, кетеді, аспан мен жер тұра береді. Кербұлактың тау-тасын кердеңдеп басқан қара бала жалғыз мен емес, олар бұрын да болған, алдағы уақытта да болады.

Мен — көптің бірімін, ал, мына әлем — жалғыз әрі мәңгі. Адам — бұл дүниеге қонақ, мен — сол қонақтың бірімін. Ендеше мен бұл дүниеге көбірек қонақ болуым-әмір сұруім керек. Оған мына сынып жатқан аяқ қырсық, қылмай ма? Бұл жазылар ма екен өзі?.. Қой, жазылады... Кім біледі, қара саннан сынған оңай ма? Жағдай қын, мына дүниеге қонақ болуым токтауы- өмірім үзілүі мүмкін.

Тілім — тасқа!

Мен өлмейін, өлсем, көрге менен бұрын мына бүрісіп жатқан апам, жаңағы артына жалтақ-жалтақ қарай-қарай кеткен әпкем түседі. Айналайын а құдай, көмектесе көр! Мен баламын ғой. Маған аяқ ауадай қажет. Мен жүтіріп ойнауым, қадалып оқуым керек. Өстіп шоқып отырып қалсам, не шойнаңдаған ақсақ болсам, апам мен жездемнің үміті үзіліп, арманы кесіледі. Әрине, әпкем де, ағам да, іні-карындастарым да менің жаксы адам болғанымды қалайды, алайда, апам мен жездемнің жөні бөлек, олардың менен күтері — көп.

Мен өмір сұруім керек!

* * *

Мен — апамның арманымын. Апамның есіл-дерті — мен жігіт болсам, әйел алсам, үй болсам, сөйтіп Үйдірыс атамның тұтінін қайта тұтетсем.

Нагашы ағам Әлдіжан үйленіп, апам арманына жеткен. Бірақ соғыс құрғыр әбден титықтатып жіберген екен, ағам

көпке бармай қайтыс болып, апам сорлап қалды. Бір апам емес, бәріміз қайғы жұтып, қан құстық.

Әлдіжан ағамның өлімі маған жан шошырлық қоркынышты түстей елестейді. Ағамның анасын қимай, оң емшегін оң қолының уысына қысып жатып көз жұмғанын, саусақтары бүріскең күйі тас болып қатып қалып, оны әпкемдердің зорға жазғанын мен "Шашар атай" хикаятында жазғанмын.

Содан кейінгі менің есімде қалғаны — жеңгемнің қан сорғалаған беті. Байы өліп, шерменде болып қалған жас қатынның бетіне қол салғанын бұл алғаш рет көруім еді, қазаға қайғырудың мына сұмдық, көрінісі төбе шашымды тік тұрғызды.

Кім қалай жібергенін қайдам, Шәкен екеуміз көр басына барыппыз.

Оралған ақ киізден ақым аузына сырғып түсіп бара жатқан ақ кебін киген Әлдіжан ағамның мәйтіне көзім түсіп кетіп, еңіреп жылап жібердім. Шәкен: "Қой. Әлдеш! Жаман болады", — деп құшақтай алды. Өзі де жылап тұр. Үлкендер шу ете қалды: "Балаларды әрі тартындар! Кім жолатып жүр бұларды мұнда?!"

Біреу Шәкен екеумізді дереу топтан жетектеп алып шығып, көрден алыстатып тастады.

Өлік шыққан үй жетіскен бе, бәріміз көпке дейін еңсеміз түсіп, езіліп жүрдік. Сынық, көңіл, жарымжан болып қалдық. Жылап-сықтауда есеп жоқ, Апам, әпкем, жеңгем келгенге де, кеткенге де көз жасын төгеді. Бұл адамдар қызық, көбісі жылаған болып дауыс шығарады, көздері құрғақ. Өтірік. Құры әшейін апамдарды жылату үшін келетін сияқты біздің үйге. Шын жаны күйіп, қабырғасы қайыспаған соң өлікке барып, емешейі езілген болып өтірік азан-қазан қылудың қажеті қанша екен?!

* * *

Бәріміз енді-енді ес жиып, ертенгі шайды ішіп отырмыз.

Алдымыз дастарханнан шеттей бастағанбыз.

— Әлдіжанның түбіне жеткен Тасқайнардың сұы, — деді әпкем көкірегі қарс айырылып.

— Қалайша? — деп елең ете қалды апам.

— Элдижан ес-түсін білмей жырылды рой. Содан келесі күні ертеңгілік басын сәл көтеріп, маған біртүрлі қимай қарады да ақырын былай деді: "Әпке, маған пәле Тасқайнардан жабысты. Шөлдеп келіп ішіп едім, сұы тастай екен, шекемнен өтіп, қара табаныма жетті. Соғыстан өзі құрып келген денсаулықты бұлдірді". Айтқаны рас болды. Суалып қалғыр, Тасқайнар, сорлатып тынды.

— Ол пәленің сұы сондай сұық екенін қалай байқамады екен байғұс бала. Қап-қап! — деді апам аh ұрып.

Әңгіме бұдан әрі өрбіген жок.

Ауыл алдындағы саздың ортан беліндегі аумағы бір қора қойдың орнындағы ойдым жерді алып жатқан Тасқайнар — бір ғажап. Жан-жағы шылқылдаған саз батпак, ортасында үлкендейтін төрт қанат үйдегі тас жатыр. Кәдімгі бір біреу мына әдемі сазға әдейі тіккен үй тас болып қатып қалған дерсің. Үй тастың дәл тәбесінде кішкене астаудай шұңқыр бар. Шұңқырдың дәл ортасындағы көзден мәлдір су қайнап шығып жатады. Қой тастың бір бүйірі адам шығарлық жайпактау. Жұрт сонымен астауға жақындалап, мәлдір суды ожаумен ыдысқа құйып алады. Мойныңды созып еңкейіп сұық суды қылқылдатып жүтуға да болады.

Талай-талай қой тастың тәбесіне шығып, сұын қаншама рет қанып ішкен Тасқайнар Элдижан ағамның ажалына себепші болыпты.

Шәкен екеуміз үн-түнсіз Тасқайнар қайдасың, деп тартып отырдық. Алда — Шәкен, соңында — мен саз батпакқа тасталған тастарды секектеп басып, Тасқайнардың ернеуіне жақындағы. Көзден шымырлап шыққан су астау бетін сәл-пәл дірілдетіп, мәлдір моншақтар ернеуден асып, тәмен қарай домалап жатыр.

Неге екенін қайдам, мен Тасқайнарга етбеттей үңілдім. Астау ішіндегі мәлдір су тубінде Элдижан ағамның сұлбасы тербетіліп, маған қадала қарап жақындалап келеді.

Зәрем кетті.

Құлындағы дауысым құракқа ұшты.

— Аға-а!

Қой тастан сырғып түсіп беле жөнелдім. Былайырак шығып артыма қарадым.

Шәкен тұр қой тастың үстінде серейіп.

— Әлдеш, не болды? Неден қорықтың?

— Қайнардың түбінде Әлдижан ағам жатыр.

Шәкен қарқылдап күлді.

— Ол-суға түскен өз бейнең ғой. Міне, кел, қара. Еңкейіп, үңілсем, менің бейнем де көрінеді.

— Жоқ, бармаймын. Тасқайнарга мен енді қайтып өмір баки жоламаймын.

— Неге?

— Әлдижан ағамды өлтірген — Тасқайнар.

— Ой, қой!

— Неге қоямын, солай. Жаңа әпкем айтты ғой.

— Апам жаны қиналған соң айтып отыр.

— Мейлі. Айттым ғой, Тасқайнардың ішінде Әлдижан ағам жатыр. Сен қала бер, мен кеттім.

Шәкен Тасқайнарга төніп, ішіне түсермен болыш еңкейе берді де бері қарай тұра жүгірді.

— Алданыш, шынында, анда ағам жатыр.

Екеуміз жарыса жөнелдік.

Былайырак ұзап шыға таңданыстық;

— Шәкен, шынымен көрдің бе?

— Шынымен көрдім.

— Апамдарға айтамыз ба?

— Қой. Апамдарды жылатып қайтеміз?

— Жарайды, айтпасақ айтпайық,

Шәкен екеуміз біраз уақыт алабұртып жүрдік.

Мен Тасқайнарды шындалап жек көріп кеттім, алыстанайналып жүретін болдым.

Сөйтіп жүргенде біз жоғарғы Барлыбай ауылына көшіп кеттік те Тасқайнар алыста қалды. Мейлі, Әлдижан ағамның ажалына себепші болған, Тасқайнар, мен сені қайтейін?!

* * *

Тірі адам тірлігін істейді. Бірте-бірте келімді-кетімді кісі азайды. Бәрімізді еңсе езер ауыр ойлар басқан, бірбірімізді аяйтын жасқаншақ өмір басталған. Әр адам қайғыны әртүрлі көтереді екен. Өйткені, өліктің адамдарға салар салмағы әртүрлі.

Әлдижан ағамның өлімі, сөз бар ма, алдымен, апама, одан соң әпкеме қатты батты. "Атамды атсан, ат, құдай, ботамды атпа!" — деп бұрынғылар тегін айтты дейсің бе? Апамның жалғыз ұлы жер жастанып, әпкемнің жалғыз